Реализация системно-деятельностного подхода в процессе преподавания географии позволяет добиться высокого качества географического образования и подготовить учащихся к использованию своих географических знаний в реальной жизни и практической деятельности.

Теоретические знания без умений применять их на практике остаются мёртвым грузом, перегружающим память учащихся совершенно не нужной им информацией. Поэтому очень

важно не столько дать ребёнку как можно больший багаж знаний, сколько обеспечить его общекультурное, личностное и познавательное развитие, вооружить таким важным навыком, как умение учиться. По сути, это и есть главная задача новых образовательных стандартов, которые призваны реализовать развивающий потенциал общего среднего образования. Конструктивно выполнить задачи образования XXI века и помогает системно-деятельностный подход.

ЛИТЕРАТУРА

1. Финаров Д. П. Методика обучения географии в школе: пособие для вузов. М.: Астрель, 2007. 153 с.
2. Сущность системно-деятельностного подхода в обучении [Электронный ресурс], Режим доступа: <https://infourok.ru/suschnost-sistemnodeyatelnostnogo-podhoda-v-obuchenii-3114305.html>

DOI 10.24412/2709-1201-2025-28-17-26
37(551.644.3)

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ОРАЗАЛЫ ГҮЛДЕРАЙЫМ

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің магистранты

Ғылыми жетекші – **Н.Ж.ЖЕНСИКБАЕВА**

Өскемен, Қазақстан

Аннотация. Мақалада география пәнін оқытуда интерактивті әдістерді қолданудың оқушылардың танымдық белсенділігіне, пәнге деген қызығушылығына және зерттеушілік қабілеттеріне ықпалын жан-жақты талдау ұсынылады. 2024-2025 оқу жылында жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелері ұсынылған. Эксперименттік және бақылау топтары эксперимент кезеңдері арқылы салыстырылып, интерактивті әдістердің қолданылуының оқушылардың білім сапасына, есте сақтау қабілетіне және пәнге ынталану деңгейіне әсері бағаланды. Мақалада интерактивті әдістердің артықшылықтары мен тиімді қолданылу ерекшеліктері ұсынылды.

Кілт сөздер: география, білім беру, интерактивті әдістер, технология, педагогикалық эксперимент.

Бүгінгі білім беру саласында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың оқу үрдісіне деген қызығушылығын қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, интерактивті оқыту әдістері оқытудың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді. Бұл әдістер дәстүрлі оқыту тәсілдерінен ерекшеленіп, оқушылардың білімге деген белсенді көзқарасын қалыптастырады.

Интерактивті оқыту әдістері білім беру үрдісіне оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып теориялық білімді практикамен ұштастыра терең меңгеруге ықпал етеді. Интерактивті оқытуда ерекше назар аударатын аспект – оқыту процесінің оқушыға бейімделуі, яғни, мұғалім мен оқушы арасындағы диалогты күшейту арқылы материалды меңгеру деңгейін арттыру. Интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушылар оқу материалына тек тыңдаушы ретінде емес, белсенді қатысушы ретінде қатысады. Бұл әдістерді тиімді пайдалану оқыту процесінің сапасын арттыруға және оқушылардың дербес ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Интерактивті технологиялар (ағылш. «Inter» - (өзара), ағылш. «Act» - (әрекет ету), технология (грек тілінен. «Techné» - өнер, шеберлік, шеберлік және грек. «Logos» - зерттеу, ғылым) - оқыту барлық білім алушылардың, соның ішінде педагогтың өзара іс-қимылында жүретін технологиялар[1].


Педагогикалық технология - бұл білімді игерудің барлық аспектілерін қамтитын мәселелерді талдау және жоспарлау, қамтамасыз ету, бағалау және проблемаларды шешуді басқару үшін адамдарды, идеяларды, құралдарды және іс-әрекеттерді ұйымдастыру тәсілдерін қамтитын кешенді интегративті процесс [2].

Сонымен, интербелсенді оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген процесс.

Географияны оқыту әдістемесінде заманауи интерактивті құралдарды қолданудың көптеген тәжірибелерін Ю.Г.Барышева, В.Б. Пятунин, Н.Б.Филатова, Н.Н. Петров, Д.В. Новенко және т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарынан көре аламыз. Ғаламдық интернет желісінің дамуы мен қалыптасуы географияны оқыту процесінде компьютерді пайдалану мүмкіндігін күшейтті [3]. Н.Н.Баранский [4] мектептегі география пәнінің ерекшеліктерін атап өтіп, басқа пәндермен салыстырғанда географияның кең ауқымдылығының арқасында

көрнекіліктерді қолдану мен қызығушылықты оятудың маңыздылығын атап өткен. «Мектептік геоақпараттық жүйені» және әртүрлі электрондық атластарды құру географиялық картамен жұмыс істеудің қолданыстағы әдістемесіне әсер етті, карталардың өздері де өзгерді [5].

Интерактивті технологиялардың нақты және болжамды мақсаттары бар, олар оқу үрдісін тиімді жүзеге асыруға, білім алушылардың құзыреттіліктері мен дағдыларының қалыптасуына септігін тигізеді (сурет 1) [6].



Сурет 1 - Интерактивті технологияларды қолдану мақсаттары мен тиімділігі.

Себебі интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол - білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға уйрету. Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды (сурет 2). Мұнда балалардың бұған дейін алған өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып табылады.



Сурет 2 – Интерактивті әдісте оқушының қарым-қатынас субъектілері мен объектілері.

2-суретте көрсетілгендей, оқу процесінде интерактивті технологиялар білім алушының ұжымда жақсы бейімделуіне ықпал етеді, қарым-қатынас дағдыларын дамытады және бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста қорқыныш пен фобияның барлық түрлерін жеңуге

мүмкіндік береді. Мұның бәрі, сайып келгенде, көптеген балаларға өз әлеуетін дамытуға көмектеседі және дамудың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру үрдісінде география пәнін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың белсенділігіне, олардың пәнге деген қызығушылығына әсерін анықтау мақсатында 2024-2025 оқу жылында Ақтөбе қаласының «№38 қазақ орта мектебі» КММ базасында педагогикалық эксперимент жүргізілді. Зерттеудің міндеттері - интерактивті оқыту әдістері мен дәстүрлі әдістерді салыстырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау, география сабақтарында цифрлық технологияларды (Google Earth, ArcGIS, Kahoot, Quizizz) және практикалық зерттеу жұмыстарын қолдану әдістерін әзірлеу, интерактивті оқыту әдістерінің оқушылардың білім сапасына, пәнге қызығушылығына және практикалық дағдыларына әсерін бағалау.

Педагогикалық экспериментке Ақтөбе қаласының «№38 қазақ орта мектебі» КММ 7-9 сынып оқушылары – барлығы 97 оқушы қатысты (кесте 1). Аталған сынып оқушылары «эксперименттік топ» және «бақылау тобы» деп екі топқа топтастырылды. Эксперименттік топқа география сабақтары аймақтық компонент негіздерімен интерактивті оқыту әдістері қолданылды, ал бақылау тобы дәстүрлі оқыту әдістерімен оқытылды.

Кесте 1. Экспериментке қатысқан оқушылардың құрылымы.


Барлығы	Оқушы саны	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
	97	47	50
7 сынып	30	16	14
8 сынып	33	16	17
9 сынып	34	15	19

Педагогикалық эксперимент негізгі 3 кезеңді қамтыды: анықтаушы, қалыптастырушы, қорытынды.

Анықтаушы кезеңде барлық оқушылар «География сабақтарында интерактивті әдістер арқылы аймақтық компонентті меңгеру деңгейі» атты диагностикалық сауалнамадан өтті. Сауалнама 10 сұрақтан құралды, сұрақтардың мазмұны оқушылардың география сабақтарында интерактивті әдістерді пайдалану тәжірибесін, туған өлкесіне деген қызығушылығы мен өлке туралы білім деңгейін анықтауға бағытталған. Өрбір сұраққа үш немесе төрт жауап нұсқасы ұсынылды.

«География сабағында өз өлкенің ерекшеліктерін зерттеуді қалайсыз ба?» деген бірінші сауал нәтижесі оқушылардың өз өлкесінің географиялық ерекшеліктерін зерттеуге деген жоғары қызығушылығын көрсетті (сурет 3).


97 отбевов



Сурет 3 - Оқушылардың өз өлкесінің географиясын зерттеуге деген қызығушылығы.

Экспериментке қатысушылардың 91,8%-ы жоғары қызығушылық танытты, яғни олардың туған жерінің табиғи және географиялық ерекшеліктерін тануға деген ынтасының жоғары екенін байқай аламыз. Кейбір оқушылар (8,2%) зерттеу процесін қызықты деп санамада, оған уақыт көп кететінін ескерген. Мұндай жағдайда, уақытты үнемдейтін әдістер (цифрлық ресурстар, интерактивті карталар, қысқа мерзімді жобалар) қолданылса, олардың белсенділігі артуы мүмкін деп тұжырымдадық. Қызықсыз деп санаған оқушылар жоқ, бұл нәтиже оқушылардың барлығы дерлік аймақтық компонентті оқуға бейім екенін көрсетеді.


Екінші сұрақ оқушылардың өздері тұратын аймақтың географиялық координаттары туралы білім деңгейін анықтауға бағытталды. Респонденттердің 74,2%-ы «білемін» деген жауапты таңдаса, қалған 25,8% -ы «шамамен білемін» деп жауап берді (сурет 4).



Сурет 4 – Өлкенің географиялық координаттары туралы білім көрсеткіші

Өз аймақтарының географиялық координаттарын білетін респонденттердің үлесі жоғары, ал біраз бөлігі географиялық координаттарды нақты білмесе де, жалпы аймақтың орналасуын түсінеді немесе болжай алады.

Аймақтағы географиялық объектілер туралы білімдерін бақылау мақсатында «Аймағыңда қандай ерекше табиғи нысандар бар? (көлдер, таулар, өзендер, қорықтар)» - деген сұрақ қойылды. Нәтижесінде сауалнамадан өткендердің 7,9%-ы өз өлкесінің табиғи нысандарын атай алмайтындығын, оқушылардың 25,8%-ының табиғи нысандар туралы білімінің шектеулі екенін анықтадық, оқушылардың жартысынан көбі аймақтағы табиғи нысандарды жақсы білетіндігін жеткізді (сурет 5).




Сурет 5 – Оқушылардың өз өлкесінің табиғи нысандары туралы білім деңгейі

Жалпы, нәтиже бойынша оқушылардың көпшілігі аймақтың табиғи нысандарын жақсы біледі, алайда бір бөлігі үшін бұл білім шектеулі. Сондықтан оқу үрдісінде осы бағытта жұмыс жасауды талап етеді. Келесі сауал туған өлкелерінің климаты туралы болды (сурет 6).

Туған өлкеңнің климаты қандай климаттық белдеуге жатады?

97 ответов



Сурет 6 - Оқушылардың өз өлкесінің климаты туралы білім деңгейі.

Бұл сауалдың нәтижелерін талдау барысында оқушылардың «дұрыс жауапты таңдай аламын» нұсқасын – 88,7%-ы, «шамамен білемін» нұсқасын – 10,3%–ы, қалғаны «білмеймін» нұсқасын таңдаған. Респонденттердің көпшілігі туған өлкесінің климаттық белдеуін дұрыс анықтай алатынын көрсетті. Бұл олардың климаттық білімдерінің жақсы деңгейде екенін және

аймақтық ерекшеліктерді жақсы түсінетінін білдіреді. Алайда оқушылардың кейбірінің климаттық белдеу туралы білімінің шектеулі екендігін, ал біраз бөлігінің туған өлкесінің климаттық белдеуін білмейтінін анықтадық.

Келесі сұрақтар топтамасы оқушылардың білім беру үрдісінде қандай әдістерге қызығушылығы бар екендігін, интерактивті әдістерге деген көзқарастарын анықтауға бағытталды. Жаңа географиялық ұғымды түсіну үшін оқушылардың қандай әдісті таңдайтынын 7-суреттен көре аламыз.



Сурет 7 – Оқу үрдісінде қолданылатын әдістер.

Сауалнамадан өткендердің – 76,3%-ы жаңа білімді мұғалімнің түсіндіруі мен оқулықтағы ақпарат арқылы меңгеруді қалайды, яғни жаңа білім алудағы мұғалімнің рөлін маңызды деп бағалайтынын көрсетеді. Цифрлық ресурстар мен видеосабақтарды қолдануды ұнататын оқушылардың үлесі – 14,4%-ға тең, карта, инфографика және тәжірибелік тапсырмалар арқылы меңгеруді қалайтындар үлесі – 9,3%. Оқушылардың басым бөлігі дәстүрлі оқыту әдістерін таңдаса да, цифрлық құралдар мен тәжірибелік тапсырмаларға қызығушылық танытатындары да бар.

Оқушылар география сабағында интерактивті әдістердің қолданылуы олардың білім деңгейлеріне оң әсер етеді деген көзқараста. Бұл сауалдың нәтижесі 8-суретте ұсынылды.



Сурет 8 – Интерактивті әдістердің білім деңгейіне әсері туралы оқушылардың көзқарасы

Бұл сауалнаманың нәтижелерін талдай отырып, оқушылардың тек 1 пайызы ғана білім деңгейіне интерактивті әдіс әсер етпейді деген ұстанымда екенін көруге болады, ал 84,5%-ы ойындар, онлайн тесттер мен топтық жұмыстарды қызықты әрі тиімді деп бағалайды, бұл олардың белсенділігін арттыруға және оқу процесіне деген қызығушылығын күшейтуге әсер етеді. Сонымен қатар, оқушылар дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда, интерактивті сабақтар өздерін көбірек ынталандыратынын 9-суретте ұсынылған сұрақтың нәтижесінен көре аламыз.



Сурет 9 – Оқыту әдістеріне деген оқушылардың ынтасы.


Оқушылардың сабақтағы интерактивті әдістерге байланысты ынтасын анықтау барысында, «Иә, белсенді қатысуға мотивация береді» жауап нұсқасын – 84,5%, «Кейде, тақырыпқа байланысты» деген нұсқаны – 11,3%, "Жок, дәстүрлі әдістер тиімдірек» деген нұсқаны – 4,2%-ы таңдаған. Яғни, көпшілік оқушылар интерактивті сабақтар олардың қызығушылығын арттырып, белсенді қатысуға ынталандыратынын көрсетеді. Бұл әдістер оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын және оларды жаңа ақпаратты іздеуге ынталандырады. Жалпы алғанда, интерактивті әдістердің оқушылардың мотивациясына оң әсері бар екендігі анық байқалады.

«Сабақта интерактивті әдістерді қолдану сіздің есте сақтау қабілетіңізге қалай әсер етеді?» деген сұраққа 82,5%-ы «жақсы сақтап қаламын» деп жауап берді. Бұл жоғары көрсеткіш интерактивті әдістердің оқушылардың есте сақтау қабілетіне оң әсер ететінін көрсетеді. Оқушылар бұл әдістердің қызығушылықты арттырып, ақпаратты ұзақ уақыт бойы есте сақтауға көмектесетінін сезінеді. «Орташа деңгейде» деп – 15,5%-ы көрсетті, бұл жауап оқушылардың бір бөлігінің интерактивті әдістердің тиімділігіне күмәнмен қарайтынын немесе олардың есте сақтау қабілетіне айтарлықтай әсер етпейтінін білдіреді. «Жаңа ақпаратты тез ұмытып қаламын» – оқушылардың 2,0%-ы ғана (сурет 10).



Сурет 10 – Оқушылардың есте сақтау қабілетіне интерактивті әдістердің әсері

География сабағында интерактивті оқыту әдістерімен жұмыс тәжірибесін анықтау барысында, сауалнамадан өтушілерден төмендегідей нәтиже алдық (сурет х). «Цифрлық карталармен» – оқушылардың 56,7%, «Геоақпараттық технологиялармен» – 17,5%, «Ойын, топтық жұмыстар» – 17,5%, «Барлығы» – 8,3% үлесі оқу үрдісінде жұмыс жасаған. Яғни, оқушыларға цифрлық карталармен жұмыс жасау, ойындар мен геоақпараттық технологияларды қолдану бойынша біршама тәжірибелері бар (сурет 11).



Сурет 11 – Оқушылардың география сабағында интерактивті әдістермен жұмыс жасау тәжірибесі

«Интерактивті әдістер (цифрлық карталар, ойын әдістері, топтық жұмыс) сіздің географияны меңгеруіңізге қалай әсер етеді деп ойлайсыз?» - деген сауалнаманың соңғы сұрағына респонденттердің 90 пайызға жуығы оң әсер етеді деп көрсетті (сурет 12).



Сурет 12 – білім алушылардың географияны меңгеруге интерактивті әдістердің әсері туралы ұстанымы.

Диагностикалық сауалнама нәтижелері оқушылардың өз өлкесінің географиясын зерттеуге деген жоғары қызығушылығын көрсетті және география сабақтарында аймақтық компонентті интерактивті әдістер арқылы оқыту өзекті екенін дәлелдейді. Оқушылардың өз өлкесіне деген қызығушылығы жоғары болғанымен, олардың кейбірінің аймақтық географиялық білімі толық емес. Сондықтан, оқу процесінде цифрлық ресурстар, интерактивті карталар, ойын әдістері мен топтық жұмыстарды кеңінен қолдану қажеттілігі туындайды. Бұл тәсілдер оқушылардың белсенділігін арттырып, жаңа ақпаратты тереңірек меңгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, интерактивті әдістерді жүйелі түрде қолдану оқушылардың қызығушылығын сақтап, олардың географиялық білімдерін жүйелеуге және есте сақтау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы кезеңде оқушылардың географиялық білімдерін интерактивті оқыту әдістері арқылы тереңдету мақсатын ұстандық. Яғни, эксперименттік топқа сабақтар интерактивті әдістер негізінде жүргізілді (кесте 2).

Кесте 2. Қалыптастырушы кезеңде қолданылған интерактивті әдістер.

№	Іс-шаралар	Мазмұны	Әдістері
1	Диагностикалық кіріспе сабақ	Интерактивті әдістердің артықшылықтарын түсіндіру, оқушылардың қызығушылығын анықтау	Сұхбат, миға шабуыл
2	Цифрлық карталармен жұмыс	Google Earth, ArcGIS арқылы туған жердің табиғи нысандарын зерттеу	Топтық жұмыс, картамен жұмыс
3	Географиялық ойындар	«Менің өлкем» онлайн-викторинасы, рөлдік ойындар	Ойын технологиясы

№	Іс-шаралар	Мазмұны	Әдістері
4	Далалық зерттеу жұмысы	Жергілікті географиялық объектілерді зерттеу (өзен, тау, өсімдіктер, топырақ)	Далалық жұмыс, тәжірибелік әдістер
5	Жобалық жұмыс	Аймақтық география бойынша шағын зерттеу жасау	Жобалық әдіс
6	Географиялық мәселелерді талдау	Климаттық өзгерістер, табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері	Проблемалық оқыту
7	Бағалау және кері байланыс	Оқушылардың рефлексиясы, тест және сауалнама өткізу	SWOT-талдау, кері байланыс

Қорытынды кезеңнің мақсаты - оқушылардың интерактивті оқыту әдістері арқылы алған білімдерін бағалау, теориялық ақпаратты меңгеру деңгейін анықтау және тиімділігін талдау.

Бағалау критерийлері:

- ✓ Интерактивті әдістерді қолдану нәтижелілігі (оқыту әдістерінің әсері)
- ✓ Картамен, цифрлық құралдармен жұмыс істеу дағдылары
- ✓ Практикалық және зерттеу жұмыстарын орындау сапасы
- ✓ Оқушылардың рефлексиясы және пәнге қызығушылығының өзгерісі

Кесте 3. Қорытынды кезеңнің негізгі іс-шаралары.

№	Іс-шаралар	Мазмұны	Әдістері
1	Қорытынды тест	Оқушылардың аймақтық компонентті меңгеруі тексерілді	Жазбаша тест, онлайн тест (Quizizz, Kahoot)
2	Практикалық жұмыс	Оқушылар өз аймағы бойынша карта құрастырып, зерттеу есебін тапсырды	Жобалық әдіс, картамен жұмыс
3	Сауалнама және кері байланыс	Интерактивті әдістердің тиімділігі туралы оқушылардың пікірі жиналды	SWOT-талдау, рефлексия
4	Оқушылардың жетістігін бағалау	Топтық, өзін-өзі және мұғалім бағалауы	Бағалау критерийлері бойынша талдау
5	Нәтижелерді талдау	Алынған деректерді салыстыру (бастапқы және соңғы тест нәтижелері)	Сандық және сапалық талдау
6	Қорытынды шығару және әдістемелік ұсыныстар	Интерактивті әдістердің тиімділігі бойынша ұсыныстар әзірлеу	Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық

Зерттеу нәтижесінде екі топтан да бастапқы және қорытынды тест алынды, нәтижелерін салыстыра келе, «тәжірибелік топтың» білім сапасы 20%-ға артқанын анықтадық, сонымен қатар оқушылардың интерактивті әдістерге деген көзқарасы, пәнге деген қызығушылығы көрсеткіштері бойынша - «бақылау тобының» нәтижелері төмен болды. Практикалық жұмыстардың сапасын бағалау критерийлері негізінде оқушылардың зерттеу және практикалық жұмысты орындау дағдылары «эксперименттік топта» айтарлықтай жоғарылады.

Қорытындылай келе, интерактивті әдістер оқушыларды зерттеушілікке, талдау жасауға және өз бетінше шешім қабылдауға үйретеді деп тұжырымдауға негіз бар. Сондықтан, география мұғалімдеріне интерактивті әдістерді қолдану мүмкіндіктерін ұсындық (кесте 4).

Кесте 4 – География пәнінде интерактивті әдістерді қолдану мүмкіндіктері.

р\с	Әдіс атауы	Мазмұны	Қолдану мысалы
1	«Миға шабуыл»	Кез келген жауап қабылданады, идеяларды еркін айтуға негізделеді. Жауаптарға бірден баға берілмейді.	«Қазақстанда неге шөлейт зонасы басым?» (7 сынып) «Неліктен таулы аймақтарда ауыл шаруашылығы қиын дамиды?» (8 сынып)
2	Шағын дәріс	Мұғалім алдымен оқушылардың білімін сұрап, кейін жаңа ақпаратты таныстырады, талқылау жүргізеді.	«Қазақстанның экономикалық аудандары» (9 сынып)
3	Презентациялармен жұмыс	Бейне, слайд, карта, диаграмма секілді көмекші құралдарды пайдалану арқылы тақырып түсіндіріледі.	«Қазақстанның табиғи ресурстары» (7 сынып)
4	Бейнефильмдерді талдау	Көрсетілген деректі немесе ғылыми фильмдер бойынша сұрақтар қойылып, қорытынды жасалады.	«Каспий теңізінің экологиялық проблемалары» (8 сынып)
5	Интервью әдісі	Оқушылар белгілі бір тақырыпта сұхбат жүргізіп, пікірлерін ортаға салады.	«Қазақстандағы урбанизация үдерісі» (9 сынып)
6	Қателіктері бар лекция	Мұғалім тақырыпты қате деректермен түсіндіреді, ал оқушылар оны түзетеді.	«Қазақстандағы мұнай-газ өндірісі» (9 сынып)
7	Ой қозғау (разминка)	Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған қысқа сұрақ-тапсырмалар.	«Қазақстандағы өзендердің су айналымы» (7 сынып)
8	Дебат (пікірталас)	Белгілі бір тақырыпқа байланысты оқушылар екі жақ болып пікір таластырады.	«Қазақстанда АЭС салу керек пе?» (9 сынып)
9	Кейс-әдіс	Нақты өмірлік жағдайлар қарастырылады және шешу жолдары ұсынылады.	«Арал теңізінің тартылуын тоқтату мүмкін бе?» (8 сынып)
10	Шығармашылық тапсырмалар	Оқушылар ақпаратты тек жаттап қоймай, өз идеяларын қосады.	«Менің туған өлкем» (8 сынып)
11	Іскерлік ойын	Нақты жағдайды бейнелейтін ойын элементтері қолданылады.	«Географ-эколог кеңесі» (9 сынып)
12	Кіші топтармен жұмыс	Оқушылар шағын топтарға бөлініп, бірлескен жұмыс жүргізеді.	«Қазақстан қалаларының экономикалық маңызы» (9 сынып)
13	Рөлдік ойын	Оқушылар белгілі бір кейіпкерлер рөлінде ойнайды.	«Қазақстандағы туризмді дамыту» (8 сынып)
14	Тренинг	Қатысушыларға нақты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүргізіледі.	«Сұхбаттасу және жұмысқа орналасу» (9 сынып)

15	Жоба әдісі	Оқушылар зерттеу жүргізіп, өз жобаларын қорғайды.	«Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары» (7 сынып), «Өз өңіріндегі экологиялық мәселені шешу» (9 сынып)
----	------------	---	--

Қорыта айтқанда, география сабағында интерактивті әдістер мен технологияларды пайдалану қазіргі замандағы ең өзекті мәселелердің бірі. География сабағында интерактивті әдістер мен құралдарды тиімді пайдалану оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытып, оларды белсенді оқуға ынталандырады. Бұл тәсілдер оқу материалын терең меңгеруге, логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруға және географиялық білімді өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Зиновкина, М. М. Многоуровневое непрерывное креативное образование в школе // Концепт. 2012. - №9. <http://www.covenok.ru/koncept/2012/12116.htm>.
2. Князев И.Н. Педагогические технологии в обучении // Педагогика. 2023. - №3
3. Райс, О., Карпенко, Е., Интерактивные технологии в обучении // Педагогика нового времени, 2020.
4. Коменский, Я. А., Локк, Д., Руссо, Ж. Ж., Песталоцци, И. Г. Педагогическое наследие. - М.: Педагогика, 1987.
5. Карпенко Е., Райс О. Интерактивные технологии в обучении // Интеллектуальная издательская система Ridero, 2020. - С.16-17.
6. Кожемячко Н.Р. Интерактивные технологии в учебном процессе разных форм обучения. – М., 2023. 175 с.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-28-27-31

УДК 57

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

ЖҰМАН СЫМБАТ СЕРАЛЫҚЫЗЫ

Биология және биотехнология факультетінің магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті

Ғылыми жетекшісі – **БАСЫГАРАЕВ Ж.М.**

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада биологияны оқытудың заманауи әдістері мен білім беру үдерісіндегі инновациялар қарастырылады. Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы білім алушылардың пәнді терең меңгеруі үшін жаңа оқыту тәсілдерін қолдануды қажет етеді. Мақалада белсенді оқыту, мәселе негізіндегі оқыту (PBL), Flipped Classroom, ойын элементтерін пайдалану және ойын әдістерінің білім берудегі маңыздылығы талданады. Сонымен қатар, биология сабақтарында виртуалды және кеңейтілген шынайылық (VR & AR), биоинформатика және деректер ғылымын пайдалану мүмкіндіктері көрсетіледі. Пәнаралық оқыту тәсілдері, әсіресе STEM және STEAM бағыттары, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік биологияның рөлі қарастырылады. Білім алушылардың білімін әділ әрі тиімді бағалау үшін формативтік және жоба негізіндегі бағалау тәсілдері ұсынылады. Жалпы, инновациялық әдістерді қолдану білім алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың сыни ойлау, зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалы мол.

Түйін сөздер: биологияны оқыту, инновациялық әдістер, белсенді оқыту, STEM, STEAM, VR, AR, биоинформатика, пәнаралық тәсілдер, бағалау әдістері, экологиялық білім, цифрлық технологиялар.

Кіріспе

Қазіргі таңда ғылым мен технологияның қарқынды дамуы білім беру жүйесіне, әсіресе соңғы жылдары ғылым мен технологиядағы жетістіктер, ауқымды бөлігі биология саласындағы білім беру әдістерінде айталықтай оң әсер етуде. Биологияның күрделі ұғымдары мен процестерін меңгеру үшін оқытудың инновациялық әдістерін қолдану маңызды. Интерактивті технологиялар, пәнаралық тәсілдер және деректерді талдау құралдары білім беруді жаңа деңгейге көтеруде. Бұл мақалада биологияны оқытудың заманауи әдістері қарастырылады, олардың тиімділігі талданып, практикалық қолдану мысалдары беріледі, биологияны оқытуда инновациялық білім беру әдістерін қолдану арқылы білім алу үдерісін қызықты, қолжетімді әрі тиімді студент жолдарын қарастырады. Инновациялық үдерістер әрдайым қозғалыс үстінде, осыған байланысты білім алушылар белгілі бір білімді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар үлкен көлемдегі ақпаратты алу және игеру, өңдеу, өмірде қолдану дағдыларын жетілдіруге, аналитикалық ойлау қабілетін дамыту мен дұрыс шешімдерді тез қабылдауға мүмкіндік беретін инновациялық білім беру технологияларын енгізу қажеттілігі артып отыр. Оқу материалын қабылдаудың заманауи педагогикалық әдістерін енгізу білім алушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру және білімі мен біліктілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады. Қазіргі замандағы өзекті әдіс-тәсілдерге шолу жасап өтетін болсақ:

1. Биологиядағы заманауи білім беру әдістері

Белсенді оқыту және мәселе негізіндегі оқыту (PBL)

Биология – белсенді оқыту мен мәселе негізіндегі оқыту тәсілдері үшін тамаша сала, мұнда студенттер нақты өмірлік жағдайларды шешу арқылы ғалымдар қолданатын процестерді меңгереді. Белсенді оқыту әдістері білім алушылардың білімін тәжірибе арқылы

игеруіне көмектеседі. Мәселе негізіндегі оқыту (PBL) білім алушылардың аналитикалық ойлау дағдыларын дамытады және ғылыми зерттеу процесіне еліктіреді. Бұл әдіс білім алушыларға нақты проблемалармен жұмыс істеу арқылы теория мен практиканы үйлестіруге жол ашады.

Үлгі: Экожүйелерді оқыту барысында оқушыларға қоршаған ортаның ластануын төмендетуге арналған ұсыныстар жасау тапсырмасы кейс әдісімен беріледі. Олар деректер жинап, ғылыми негізделген шешімдер ұсынады, белсенді талдау мен талқылаулар жүргізіліп, маңызды тұстарына акцент жасалады.

Flipped Classroom

Бұл модельде білім алушылар теориялық материалмен үйде танысып, сабақта практикалық тапсырмалар орындайды. Бұл әдіс білім алушылардың өзіндік оқу дағдыларын дамытып, сабақ уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Аударылған сынып моделінде білім алушылар биология ұғымдарымен үйде бейнежазбалар, әдебиеттер немесе интерактивті онлайн модульдер арқылы танысып, кейіннен алған білімдерін сыныптағы талқылауларда, зертханалық жұмыстарда немесе топтық әрекеттерде қолданады.

Үлгі: Митоз процесін алдын ала бейнематериалдар арқылы оқып, сабақта микроскоппен зерттеу. Оқушылар сабақ барысында уақыттарын тиімді пайдаланып, ұтымды білікті игереді.

Ойын негізінде оқыту

Геймификация элементтері сабаққа қызығушылықты арттырады және материалды терең меңгеруге ықпал етеді. Ойын түрінде ұсынылған тапсырмалар білім алушылардың белсенділігін арттырып, оларды бәсекеге қабілетті етеді.

Үлгі: Виртуалды экожүйені басқару ойындары арқылы оқушылар қоректік тізбек пен популяция динамикасын зерттейді.


1-кесте. Геймификация әдісін пайдаланғаннан кейінгі 7а және 7в сынып оқушыларының оқу үлгерімі, %

Зерттеу тобы	"0-49" % мәні		"50-74" % мәні		"75-89" % мәні		"90-100" % мәні	
	7 А	7 В	7 А	7 В	7 А	7 В	7 А	7 В
бақылау тобы	0	0	22	21	72	70	6	9
тәжірибелік топ	0	0	15	7	74	65	21	28

Тәжірибе барысында жалпы оқу үлгерімін анықтауда 7 «А» және 7 «В» сынып оқушыларының геймификация әдісін пайдаланғаннан кейінгі тәжірибелік топтағы 7 «А» және 7 «В» сынып оқушыларының оқуға активтілігінің артуын байқауға болады. «50-74» балл бойынша 7 «А» және 7 «В» сынып оқушыларының бақылау тобында тәжірибелік топпен салыстырғанда 3 % жоғары болды. «Жақсы» деген балл 1% жоғарылады, ал «өте жақсы» деген баға бойынша тәжірибелік топта 2 % бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болды. 7 «А» және 7 «В» сынып оқушыларының оқу үлгерімі «өте жақсы» пайыздық мәні тәжірибелік топта 27 % жоғары болды. «75-89» балл арасында бақылау тобында 71-72 % болса, тәжірибелік топта 60 % жоғары көрсеткіштерді көрсетті (2-кесте).


2-кесте. Белсенді оқыту әдісін пайдаланғаннан кейінгі 7а және 7в сынып оқушыларының оқу үлгерімі, %

Зерттеу тобы	"0-49" % мәні		"50-74" % мәні		"75-89" % мәні		"90-100" % мәні	
	7 А	7 В	7 А	7 В	7 А	7 В	7 А	7 В
бақылау тобы	0	0	21	20	73	72	8	8
тәжірибелік топ	0	0	18	10	72	63	10	27



3-сурет – 7 А сынып оқушыларының қабылдау деңгейінің өзгерісі, %

Қабылдау жылдамдығы сыныптан бөлек, әр оқушы, әр адамдар арасындағы индивидуалды айырмашылықтардың маңызды белгісі болып табылады. 7 «А» және 7 «В» сынып оқушыларының қабылдау деңгейі бақылау тобы мен тәжірибелік топта өзара айтарлықтай өзгерістер болды. Қабылдаудың жоғары деңгейінде бақылау тобы тәжірибелік топқа қарағанда 24 % төмен көрсеткішті көрсетті. Ал орташа деңгейде бақылау тобында 26 % болса, тәжірибелік топта 9 % болды. Төмен деңгей тәжірибелік топта, бақылау тобына қарағанда 7 % кіші көрсеткішті көрсетті (4-сурет).



4-сурет – 7 В сынып оқушыларының қабылдау деңгейінің өзгерісі, %

2. Биологияны оқытуда технологияны қолдану

Виртуалды және кеңейтілген шынайылық (VR & AR)

3D технологиялар білім алушылардың биологиялық құрылымдарды тереңірек зерттеуге ұтымды құрал-жабдық іспетті. Виртуалды шынайылық (VR) мен кеңейтілген шынайылық (AR) күрделі биологиялық процестерді көрнекі түрде түсіндірудің тиімді құралы.

Үлгі: VR арқылы қолжетімсіз құралдарды және препараттарды алмастырып, адамның ішкі ағзаларын зерттеу, молекулалардың құрылымын интерактивті түрде көруге мүмкіндік туғызады.

Деректер ғылымы және биоинформатика

Биологиялық деректерді талдау ғылыми зерттеулер үшін маңызды. Генетикалық зерттеулер, эволюция процестері және қоршаған орта динамикасын зерттеу үшін биоинформатика әдістері қолданылады. Білімгерлер генетикалық деректерді талдау немесе популяция динамикасын модельдеу құралдарын меңгеру арқылы биологияны іс жүзінде қолдануды үйренеді.

Үлгі: Биология сабағында ДНҚ тізбектерін талдау бағдарламаларын қолдану арқылы тұқым қуалау заңдылықтарын зерттеу.

3. Пәнаралық оқыту тәсілдері

STEM және STEAM білім беру

Биологияны басқа ғылымдармен интеграциялау білім алушылардың зерттеу қабілеттерін дамытады. STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) және STEAM (STEM + Arts) тәсілдері оқушылардың шығармашылық ойлауын жетілдіреді. Қазіргі актуалды сабаққа енгізілген білім беру тәсілдері, көпшілікке мәлім. Биология кең ауқымды ғылымдар желісінің бір бөлігі болып табылады. Технология, инженерия және өнерді биологияға біріктіру арқылы

студенттер биология ғылымының пәнаралық сипатын зерттей алады. STEAM тәсілі ғылымдағы шығармашылықты арттырып, оқыту нәтижелерін жақсартады.

Үлгі: Биомимикрияға негізделген инженерлік жобалар, биологиялық қағидаларды қолдану арқылы студенттер шынайы өмірге арналған инновациялық шешімдермен танысады, яғни табиғаттан шабыт алған технологияларды дамыту, шығармашылықты дамыта отырып білім беру және алу.

Экологиялық және әлеуметтік биология

Қоршаған орта мәселелерін талқылау білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады. Экологиялық проблемаларға ғылыми тұрғыда қарау білім алушыларды белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыруға үйретеді.

Үлгі: Экология тақырыбында жергілікті биоалуантүрлілікті зерттеу жобалары, су ресурстарын тиімді пайдалану стратегияларын әзірлеу сияқты ауқымды мәселелер.

4. Биологиядағы заманауи білім беру әдістерінде бағалау тәсілдері

Формативтік және құрдастарды бағалау

Білім алушылардың бірін-бірі бағалауы оқу сапасын арттырады. Бұл әдіс олардың өзара пікір алмасуына, білімдерін жетілдіруіне мүмкіндік береді. Дәстүрлі емтихандардан ауысып, формативтік бағалау мен құрдастарды бағалау тәсілдері білім алушыларға оқу үдерісін бағалауға және топта бір-біріне жауапкершілікпен қарауға көмектеседі. Бұл күрделі биологиялық идеяларды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жоба негізіндегі бағалау

Білім алушылар практикалық жобалар арқылы білімдерін көрсетеді. Ғылыми зерттеулер жүргізу, нәтижелерді талдау және оларды презентациялау студенттердің немесе оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытады.

Нақты өмірдегі әсер және этикалық мәселелер

- Теорияны практикамен байланыстыру: Білім алушыларда денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және табиғатты қорғау сияқты нақты биологиялық қолданбалармен таныстыру оқу үдерісін маңыздырақ етеді және оларды биологияның күнделікті өмірдегі рөлін түсінуге көмектеседі.

- Биологияны оқытудағы этика: Заманауи биология білімінде генетикалық модификация, клондау және биоәртүрлілікті сақтау сияқты этикалық сұрақтарды талқылау қажет, себебі бұл қоғамға маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Нәтижесіне келсек, оқушылар сабақ уақытында жаңа әдістерді қолдану барысында, олардың жаттығуларын орындау нәтижесінде автоматты дағдылар қалыптасады және белсенділігі артады. Ұсынылған тапсырманың орындалу реті көбінесе статикалық түрде ұйымдастырылады, деңгейден деңгейге, яғни қарапайымнан күрделіге, бір тапсырмадан екіншісіне, бір жаттығудан екіншісіне өту, күрделілігі азырақтан күрделілеуге көтерілу арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге сабақтың соңында оқушыларға тапсырманы орындау ұсынылады, яғни зерттелген тақырып бойынша проблемалық мәселені талқылау қажет. Белгілі тапсырмаларды орындаудағы белсенділігі төмен қиындыққа негізделген және мұндай шығармашылық жаттығуларды орындауда тәжірибесі жоқ оқушылар, ең алдымен соңғы тапсырманы орындай алмайды, өйткені ол өз пікірін логикалық негіздеуді қажет етеді. Нәтижесінде оқу материалы оқушыларға қиындық туғызады, жат болады, олардың санасына енбейді, демек, жаңа коммуникативті жағдайларда еркін қайталанбайды. Оқыту тәжірибесіне оқушының ойын сабақтың логикасына бағындыратын және мәселені өз бетінше түсінуіне бағыттайтын неғұрлым тереңдетілген сұрақ-жауап жаттығуларын енгізуді қарастыру қажеттілігі туындайды, өйткені мұндай жаттығулар кезінде алынған білім нәтижесі оң әсерін көрсетеді. Жоғарыда талқыланған жұмыстар нәтижесінде аталған жаттығулар арқылы оқушылардың түрлі жағдайларға икемділігі, біліктілігі артады және есте сақтау қабілеті жақсара түседі, сабақ барысында сергектігі артады, активтілік танытады.

5. Қорытынды

Инновациялық әдістерді енгізу биологияны оқыту сапасын арттырып, білім алушылардың (оқушылардың, студенттердің) ғылымға деген қызығушылығын күшейтеді. Оқу үдерісін жаңғырту арқылы білім алушыларды ғылыми зерттеуге ынталандыруға, олардың аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады. Жалпы жоғарыда келтірілген әдіс-тәсілдер көпшілікке бұрыннан таныс болуы да мүмкін, бірақта білмегенге білім жолын жеңілдете түсетін пайдалы құралдар, пайдалы ақпар. Білім берудің жаңашыл тәсілдері болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Anderson, L. W., & Krathwohl, D. R. (2001). A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom's Taxonomy of Educational Objectives. New York: Longman
2. Armstrong, T. (2017). The Power of the Adolescent Brain: Strategies for Teaching Middle and High School Students. ASCD.
3. Anderson, L. W., & Krathwohl, D. R. (2001). A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom's Taxonomy of Educational Objectives. New York: Longman.
4. Bransford, J., Brown, A., & Cocking, R. (2000). How People Learn: Brain, Mind, Experience, and School. Washington, D.C.: National Academy Press.
5. Freeman, S., Eddy, S. L., McDonough, M., Smith, M. K., Okoroafor, N., Jordt, H., & Wenderoth, M. P. (2014). Active learning increases student performance in science, engineering, and mathematics. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 111(23), 8410–8415.
6. Lombardi, M. M. (2007). Authentic Learning for the 21st Century: An Overview. *Educause Learning Initiative*.
7. Moreno, R., & Mayer, R. (2007). Interactive Multimodal Learning Environments. *Educational Psychologist*, 41(2), 87–98.
8. Musina, L.M. Vnedrenie STEM obrazovaniya: zarubezhnye praktiki [Introduction of STEM education: foreign practices] [Text] / L.M. Musina // *Bulletin of the GGNTU. Humanities and socio-economic sciences*. - 2020. - vol. 16. - No. 3. - pp. 64-71
9. Merazhova, Sh.B. Vliyanie stem-obrazovaniya na kachestvennoe obrazovanie v strane [The influence of stem education on quality education in the country] [Text] / Sh.B.Merazhova // *Science and innovation*. - 2024. - Vol. 3. - no. Special Issue 50. - pp. 367-370. URL <https://doi.org/10.5281/zenodo.1389756>
10. National Research Council. (2009). A New Biology for the 21st Century. Washington, DC: The National Academies Press.
11. Oblinger, D. G., & Oblinger, J. L. (2005). Educating the Net Generation. *Educause*.
12. Prince, M. (2004). Does Active Learning Work? A Review of the Research. *Journal of Engineering Education*, 93(3), 223–231.
13. Ruiz-Primo, M. A., & Furtak, E. M. (2007). Exploring Teachers' Informal Formative Assessment Practices and Students' Understanding in the Classroom. *Educational Assessment*, 12(3-4), 205–225.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-28-32-34

УДК 612. 82/83+612.822.3.+616.831.008+939.15.39.

ВЛИЯНИЕ РАЗЛИЧНЫХ КРОВЕЗАМЕНТЕЛЕЙ НА НАКОПЛЕНИЕ ПРОДУКТОВ ПЕРЕКИСНОГО ОКИСЛЕНИЯ ЛИПИДОВ ПРИ ГИПОВОЛЕМИЧЕСКОМ ШОКЕ

БАБАЕВА РУХАНГИЗ ЮНИС

доцент кафедры Зоология и физиология
Бакинского Государственного Университета
Азербайджан, Баку

Аннотация. Воздействие на организм ряда экстремальных факторов ускоряет перекисное окисление липидов. Исследования были посвящены изучению роли влияния гиповолемического шока на перекисное окисление липидов. Изучали влияние реополиглюкина, полиглюкина и гемодеза на накопление МДА и ГП в исследуемых структурах ЦНС при гиповолемическом шоке. Результаты исследования показывают, что инфузия кровозаменителей на фоне шока усиливает накопление продуктов ПОЛ – ГП и МДА в структурах ЦНС.

Ключевые слова: перекисное окисление липидов (ЛПО), реополиглюкин, гемодез, полиглюкин, центральная нервная система (ЦНС).

Abstract. The impact of a number of extreme factors on the body accelerates lipid peroxidation. The studies were devoted to studying the role of hypovolemic shock on lipid peroxidation. The effect of rheopolyglucin, polyglucin and hemodez on the accumulation of MDA and GP in the studied CNS structures during hypovolemic shock was studied. The results of the study show that infusion of blood substitutes against the background of shock increases the accumulation of LPO products - GP and MDA in the CNS structures.

Key words: lipid peroxidation (LPO), rheopolyglucin, hemodez, polyglucin, central nervous system (CNS).

В настоящее время для предупреждения последствий гиповолемического шока применяют кровезаменители, восстанавливая таким путем гемодинамические функции печени, почек, ЦНС, реологические свойства крови. Утяжеление состояния получивших кровезаменители больных после первичного улучшения, появление со стороны их печени, почек, ЦНС, нарушений различного рода. Это наводило на мысль выявить влияние кровезаменителей на интенсивность ПОЛ разных структур ЦНС при гиповолемическом шоке.

В наших экспериментах мы проверяли действие общеизвестных кровезаменителей (реополиглюкина, полиглюкина, гемодеза) на накопление МДА и ГП в исследуемых структурах ЦНС при гиповолемическом шоке. Полученные результаты показывают, что инфузия кровезаменителей на фоне шока вызывает усиление накопления продуктов ПОЛ – ГП и МДА в структурах ЦНС. Инфузия кровезаменителей на фоне шока сопровождалась заметным увеличением накопления ГП во всех исследуемых структурах в течении первых 6-ти часов опыта. При трансфузии реополиглюкина в мозжечке и в среднем мозгу наиболее интенсивное накопление ГП происходит в течении 3-х часов опыта, а через 5 часов достигая максимума с 7-го часа опыта подвергается уменьшению до конца 1-ых суток. Через 2 дня после опыта содержание ГП вновь увеличивается до 3-го дня. Характерно, что изменение содержания ГП в продолговатом мозге, сенсомоторной и зрительной областях коры на фоне трансфузии реополиглюкина при шоке в общих чертах сходно. При инфузии кровезаменителей на фоне шока интенсивное накопление МДА также происходило во всех исследуемых тканях в течении первых 3-6ти часов опыта, тогда как без их инфузии

накопление МДА, за исключением среднего мозга в сенсомоторной области коры, продолжалось 7-8 часов.

Рассмотрение результатов по изменению МДА в различных структурах ЦНС при трансфузии реополиглокина на фоне гиповолемического шока показало следующее: интенсивное накопление МДА во всех исследуемых тканях в первые 4-6 часов трансфузии. С указанного срока отмечалась тенденция к уменьшению накопления МДА до конца 1х суток, за исключением среднего мозга. В этой структуре уменьшение МДА продолжалось до 3-го дня опыта. При трансфузии других кровезаменителей – полиглокина, гемодеза закономерность изменения содержания ГП и МДА была идентичной с той, что наблюдалась при действии реополиглокина. При введении гемодеза степень увеличения содержания ГП в исследуемых тканях (за исключением мозжечка) был ниже по сравнению с реополиглокином и полиглокином. После введения гемодеза на фоне гиповолемического шока содержание ГП заметно снижалось в зрительной области коры головного мозга. Гемодез после трансфузии заметно подавлял содержание МДА в исследуемых структурах. В отличие от гиповолемического шока, при котором продолжительность жизни животных колебалась от 4 до 14 часов, при трансфузии кровезаменителей на фоне шока подавление накопления продуктов ПОЛ после 6-ти часов сопровождается увеличением выживаемости животных. При вторичном повышении продуктов ПОЛ после трансфузии их уровень был несколько раз ниже по сравнению с теми, что наблюдали при гиповолемическом шоке.

Анализ клинических данных по инфузии кровезаменителей показывает, что во многих случаях они эффективно устраняли многие осложнения шока – восстанавливали объем циркулирующей крови, нарушения гемодинамики, микроциркуляции, водно-солевого и кислотно-щелочного баланса в определенной степени газо-транспортной функции крови.

Результаты наших исследований показали, что все нами испытываемые кровезаменители не предотвращали усиление ПОЛ при гиповолемическом шоке.

Показано, что даже при тотальной ишемии в тканях, по крайней мере, в течении длительного срока сохраняется остаточный кислород, а в постишемическом периоде в результате реоксигенации содержание кислорода значительно превышает потребности и возникает состояние «относительной гипероксии», что создает условия для интенсификации ПОЛ и в постишемическом периоде. В наших опытах при трансфузии кровезаменителей растворенный в них кислород создает в тканях «гипероксию» на фоне гиповолемической ишемии. В то же время, не исключено, что способностью инициировать, усиливать ПОЛ могут обладать и продукты нарушенного метаболизма липидов, поступающие в кровообращение заметно усиливающиеся после трансфузии кровезаменителей. Трансфузия кровезаменителей на фоне гиповолемии задерживает углубление активации и генерализацию ПОЛ в поздние часы опыта при гиповолемическом шоке.

Выводы

1. Гиповолемический шок, вызванный кровопусканием увеличиванию накопления продуктов ПОЛ в мозжечке, среднем, продолговатом мозгу, зрительной и сенсомоторной областях коры большого мозга. Интенсивность образования продуктов ПОЛ при гиповолемическом шоке наиболее высока в тканях продолговатого мозга и зрительной коре.

2. Гиповолемический шок вызывает нарушение функциональной активности гипоталамических ядер и зрительной коры.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Алиев А.Г., Бабаева Р.Ю., Мадатова В.М. Особенности влияния антиоксидантов на интенсивность перекисного окисления липидов в структурах головного мозга у крыс в условиях гиповолемического шока// Научные труды IV съезда Физиологов СНГ, Сочи – Дагомыс, Россия, 2014/8-12/X, с.95-96
2. Babayeva R. Y., Madatova V.M., Ibragimova S. Sh. Blood substitutes influence on functional activity of cerebral cortex in hypovolemic shock// European Science and Technology Materials of the X International Research and Practice Conference Munich, Germany, Vol.I, 2015/28-29/V
3. Бабаева Р.Ю., Мадатова В.М., Ибрагимова С.Ш. XI межд междисциплинарный конгресс «Нейронаука для медицины и психологии» в рамках подготовки к XXIII съезду Рос.Физиол.Общества им.И.П.Павлова (С-П, 2017), посв. 100-лет создания этого общества И.П.Павловым. Судак, Крым, Россия, 2015/2-12/VI, с.70
4. Бабаева Р.Ю., Мадатова В.М. Динамика изменения перекисного окисления липидов при трансфузии кровезаменителей на фоне гиповолемического шока// Бюллетень науки и практики, научный журнал №3, 2017, с.115-122
5. Бабаева Р.Ю., Мадатова В.М. Особенности нарушения функциональной активности гипоталамуса и зрительной коры при гиповолемическом шоке// International United Academy of Sciences Rart I. Madrid Part I 2018/28.02 с. 27-30

DOI 10.24412/2709-1201-2025-28-35-40

ӘОЖ 37.091.3

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

НУРМУХАМЕДОВА ФЕРУЗА НУРЛАНҚИЗИ

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ, IT және
Жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебі, биология кафедрасының 2 курс магистранты
Қазақстан, Өскемен

Ғылыми жетекші – **ШАРИПХАНОВА А.С.**

Биология кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Аңдатпа. Бұл мақалада биология сабақтарында сыни ойлау стратегияларын қолданудың тиімділігі және олардың білім беру процесіне әсері жан-жақты талданады. Сыни ойлау - оқушылардың ақпаратты тереңірек талдап, бағалап, шешімдер қабылдап, өз пікірлерін дәлелдей білу қабілетін дамытуға бағытталған маңызды дағды. Мақалада биология пәнінде сыни ойлау қабілеттерін дамыту үшін қолданылатын әртүрлі оқыту әдістері мен құралдары қарастырылған. Әдістемелердің ішінде проблемалық оқыту, зерттеу жобалары, дебаттар мен топтық талқылаулар, жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыру сияқты стратегиялар бар. Бұл әдістер оқушылардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларын да жетілдіруге мүмкіндік береді. Мақалада сыни ойлау стратегияларының оқушылардың білім деңгейін арттырып, олардың ғылыми көзқарасын қалыптастырып, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні дәлелденеді. Сонымен қатар, бұл әдістер оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға, оларды өз бетімен шешім қабылдауға және экологиялық, әлеуметтік мәселелерге жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Бұл тәсілдер мұғалімдерге оқушыларды жан-жақты дамытуға және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға негізделген оқу процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Түйін сөздер: сыни ойлау, оқыту стратегиялары, педагогикалық әдістер, зерттеу жұмыстары, шығармашылық қабілеттер, білім беру процесі.

Білім беру саласында оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту қазіргі таңдағы басты мақсаттардың бірі болып табылады. Сыни ойлау - бұл ақпаратты жан-жақты талдай білу, әртүрлі пікірлерді салыстырып, дұрыс шешім қабылдай алу, өз ойларын дәлелді түрде жеткізу дағдыларына негізделген когнитивті процесс. Биология пәні өзінің мазмұны бойынша тек табиғаттың заңдылықтарын түсіндіріп қана қоймай, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, зерттеулер мен талдаулар жүргізуге, қорытынды жасауға баулитын пәндердің қатарында. Биологияда сыни ойлау стратегияларын қолдану оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, олардың ақпаратты тереңірек қабылдауына мүмкіндік береді [1, 45-50бб].

Бұл мақалада биология сабағында сыни ойлау стратегияларының қолданылуының маңызы мен тиімділігі қарастырылады. Биология пәні арқылы оқушыларды сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін түрлі әдіс-тәсілдер мен стратегиялар ұсынылған. Мысалы, топтық жұмыс, зерттеу жобалары, пікірсайыстар, проблемалық тапсырмалар сияқты әдістер оқушылардың ақпаратты талдап, өз пікірлерін қорғай білуіне ықпал етеді. Оқушылар тек дайын білімді қабылдаумен шектелмей, өз беттерімен зерттеу жүргізіп, сұрақтарға жауап іздеуге үйренеді.

Сыни ойлауды дамыту стратегиялары биологияның әртүрлі салалары бойынша қолданылады. Бұл сабақтар оқушыларды тек теориялық біліммен ғана емес, практикалық дағдылармен де қаруландырады. Биология пәнінде сыни ойлаудың қалыптасуы оқушылардың

ғылыми дүниетанымын кеңейтіп, оларды өз бетімен мәселе шешуге және шешім қабылдауға даярлайды. Сонымен қатар, сыни ойлау дағдыларының қалыптасуы оқу процесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың жалпы білім сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Сыни ойлау биология сабағында оқушылардың ақпаратты тереңірек талдап, өз пікірлерін негіздеп, мәселені жан-жақты қарастыру дағдыларын қалыптастырады. Биология пәні өмірді, табиғат құбылыстарын және организмдердің өзара байланысын зерттейтін ғылым болғандықтан, сыни ойлау дағдыларын дамыту оқушылардың ғылыми дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік береді [2].

Сыни ойлаудың биология сабағындағы маңыздылығы бірнеше маңызды аспектілерден тұрады:

1. Ғылыми түсінік пен білімді тереңдету: Сыни ойлау арқылы оқушылар тек биологиялық терминдер мен ұғымдарды меңгеріп қана қоймай, олардың өзара байланыстарын түсініп, күрделі ғылыми мәселелерді талдай алады. Мысалы, экология, генетика немесе адам ағзасының құрылымы мен функциялары туралы сұрақтарды сыни тұрғыдан қарастыру оқушылардың білімін тереңдетеді.

2. Мәселелерді шешу қабілетін дамыту: Биология сабақтарында сыни ойлау оқушыларды түрлі табиғи және ғылыми мәселелерді шешуге бағыттайды. Олар жаңа деректерді сараптап, қорытынды жасауға, гипотезалар құрастыруға және нақты шешімдер ұсынуға үйренеді. Бұл қабілет оларды өмірде де әртүрлі проблемаларды шешуге дайын етеді.

3. Жазбаша және ауызша коммуникация дағдыларын дамыту: Сыни ойлау стратегиялары арқылы оқушылар өз пікірлерін дәлелді түрде ұсынуға үйренеді. Биологиядағы күрделі сұрақтарға жауап беру барысында оқушылар ғылыми тілде сөйлеуге, ойларын логикалық түрде жеткізуге дағдыланады.

4. Шығармашылық және зерттеу дағдыларын дамыту: Биология сабағында сыни ойлау зерттеу жұмыстары мен жобалар жүргізуге мүмкіндік береді. Оқушылар өз бетінше ғылыми зерттеулер жасап, алған нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалайды. Бұл оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, зерттеу жұмыстарына қызығушылықтарын оятады.

5. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау: Сыни ойлау экология, биотехнология сияқты салаларда оқушыларды табиғат пен қоршаған орта мәселелерін терең түсінуге, оларды шешу жолдарын іздеуге үйретеді. Бұл оқушылардың экологиялық жауапкершілігін қалыптастырып, табиғатқа деген құрметін арттырады [3, 58-62бб].

Сыни ойлау биология сабағында оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастырып, олардың білімін кеңейтеді, мәселелерді шешу қабілеттерін арттырады, шығармашылық тұрғыдан ойлауға ықпал етеді. Бұл дағдылар тек биология сабағында ғана емес, жалпы өмірде де қажет болатын маңызды қабілеттер болып табылады.

Сыни ойлау стратегиялары - оқушылардың білімді белсенді түрде меңгеруі, сұрақтарды терең түсінуі, және өз пікірлерін дәлелдеп, ұтымды шешімдер қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер. Биология сабағында бұл стратегиялар оқушыларды ғылыми білімді тереңдете отырып, олардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [4, 78-82бб].

Зерттеу жүргізу кезінде биология сабағында сыни ойлау стратегияларын қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында мынадай бірнеше кезеңнен тұратын зерттеу жоспарланды:

Зерттеудің мақсаты:

Биология сабағында сыни ойлау стратегияларын қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, ғылыми түсініктерін тереңдету, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту және практикалық дағдыларын жақсарту.

Зерттеу әдістері:

1. Әдебиет шолу:

Сыни ойлау стратегиялары мен биология пәніндегі олардың тиімділігін зерттеу бойынша жазылған ғылыми мақалалар мен оқу әдістемелік материалдарын талдау. Бұл әдіс сыни ойлау

және биология пәні арасындағы байланыс пен оның оқушылардың білім деңгейіне әсерін түсінуге көмектесті.

2. Эксперименттік зерттеу:

8 «А» және 8 «Ә» сыныптары арасында тәжірибе жүргізілді. Бұл сыныптарда сыни ойлау стратегияларын қолдана отырып екі түрлі тақырыпта (біріншісі - «Адам ағзасындағы жүйелер», екіншісі – «Экология және табиғатты қорғау») сабақтар өткізілді. Осы сабақтарда проблемалық оқыту, топтық жұмыс, дебат, зерттеу жобалары және пікірсайыстар қолданылды.

3. Аналитикалық әдіс:

Сабақтың нәтижелерін талдау үшін, оқушылардың сабақты қалай қабылдағаны, білімдерін қалай қолданғаны және ойлау қабілеттерінің өзгеруі бақылауға алынды. Оқушылардың білім деңгейі мен пікірлері әр сабақтан кейін сауалнама жүргізу арқылы жинақталды.

Зерттеу жүргізу кезеңдері:

1. Алғашқы кезең - сыныптарды таңдау және сыни ойлау стратегияларын оқушыларға түсіндіру. Мұғалімдер мен оқушыларға әрбір стратегияның мақсаттары мен қолданылу әдістері туралы қысқаша нұсқаулар берілді.

2. Екінші кезең - сыныптарда сабақтар өткізу. Әр тақырып бойынша сыни ойлау стратегиялары қолданылып, оқушылар тапсырмаларды орындап, зерттеу жүргізді. Бұл кезеңде топтық жұмыстар, пікірсайыстар, зерттеу жобалары мен практикалық тапсырмалар ұйымдастырылды.

3. Үшінші кезең - оқушылардың сабақ барысында көрсеткен нәтижелері мен алған білімдерін бағалау. Зерттеу нәтижелері бақылау жұмысымен және жазбаша тапсырмалармен тексерілді.

4. Төртінші кезең - жинақталған деректерді талдау. Оқушылардың білім деңгейі мен сыни ойлау дағдыларының дамуы сарапталып, сыни ойлау стратегияларының тиімділігі бағаланды [5, 112-118бб].

8 «А» сыныбы: «Адам ағзасындағы мүшелер жүйесі» тақырыбы бойынша қолданылған стратегиялар:

Проблемалық оқыту:

Бұл стратегияда оқушыларға адам ағзасындағы мүшелер жүйесі туралы сұрақтар қойылды, мысалы, «Неліктен жүрек қанды ағзаға таратады?» немесе «Қалай тыныс алу жүйесі ағзаға оттегін жеткізеді?». Оқушылар осы сұрақтар бойынша зерттеу жүргізіп, жауаптарды анықтауға тырысты. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға көмектесті, себебі олар мәселені шешу үшін түрлі деректерді жинап, талдады.

Зерттеу жобалары:

Оқушыларға ағза жүйелерінің қызметін зерттеуге арналған шағын жобалар берілді. Мысалы, олар қан айналымы немесе тыныс алу жүйесінің жұмысын модельдеу үшін тәжірибелер жүргізді және олардың нәтижелерін сыныпқа таныстырды. Бұл әдіс оқушыларды ғылыми зерттеу жүргізуге үйретті және олардың практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Топтық талқылау:

Оқушылар топтарға бөлініп, әрбір топқа бір ағза жүйесін зерттеуге тапсырма берілді (жүйке, қан айналымы, тыныс алу жүйелері және т.б.). Топ мүшелері жүйенің құрылымы мен қызметін талқылап, оны презентация түрінде сыныпқа ұсынды. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау мен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға көмектесті.

Пікірсайыс:

Оқушыларға ағза жүйелерінің өзара байланысы мен олардың маңыздылығы туралы пікірсайыс ұйымдастырылды. Мысалы, «Қандай жүйе адам ағзасы үшін ең маңызды?» деген сұрақ талқыланды. Оқушылар өз пікірлерін дәлелдермен қорғап, басқа оқушылардың

көзқарастарымен танысты. Бұл стратегия сыни ойлау және дәлелдер келтіру дағдыларын дамытты.

Нәтиже:

Оқушылардың ағза жүйелерін терең түсінуі мен олардың өзара байланысын бағалауы жақсарды. Оқушылар ғылыми зерттеу дағдыларын дамытып, практикалық тәжірибе алды. Топтық жұмыс пен пікірсайыс арқылы сыни ойлау және коммуникативтік дағдылар дамыды.

8 «Ә» сыныбы: «Экология және табиғатты қорғау» тақырыбы бойынша қолданылған стратегиялар:

Дебат:

Экология және табиғатты қорғау мәселелері бойынша дебаттар ұйымдастырылды. Оқушылар екі топқа бөлініп, бір топ экологиялық дағдарыстарды шешуге арналған идеяларды ұсынса, екінші топ оларды сынға алды. Мысалы, «Жасыл энергетика экологиялық проблемаларды шешуге көмектесе ала ма?» деген сұрақ бойынша пікірсайыс өткізілді. Бұл стратегия оқушылардың өз пікірлерін дәлелдеу және басқалардың көзқарастарын тыңдай білу қабілеттерін арттырды.

Зерттеу жобалары:

Оқушыларға экология мәселелеріне байланысты зерттеу жүргізу тапсырмасы берілді. Олар белгілі бір экологиялық мәселені (мысалы, пластик ластануы) зерттеп, оның шешімдері мен ұсыныстарын әзірледі. Зерттеу барысында оқушылар нақты деректер жинап, оларды талдады, нәтижелерін сынып алдында ұсынды. Бұл әдіс оқушылардың ғылыми зерттеу және деректерді талдау дағдыларын дамытуға көмектесті.

Топтық жұмыс:

Экология және табиғатты қорғау бойынша топтар құрылып, әр топқа экологиялық жобаларды әзірлеу тапсырмасы берілді. Мысалы, экологиялық таза аула жасау немесе табиғатты қорғауға арналған акция ұйымдастыру. Топ мүшелері идеялар мен жоспарларды бірлесе жасап, жобаны іске асыру үшін ұсыныстар мен стратегияларды ұсынды. Бұл әдіс оқушылардың топпен жұмыс істей отырып, экологиялық жауапкершілік танытуға үйретті.

Рефлексия:

Сабақ соңында оқушыларға экология және табиғатты қорғау мәселелері туралы ойланып, өз пікірлері мен ұсыныстарын жазуға тапсырма берілді. Оқушылар экологияның қазіргі жағдайы мен табиғатты қорғау үшін не істеу керектігі туралы өз көзқарастарын білдірді. Бұл стратегия оқушылардың экологиялық мәселелерге жауапкершілікпен қарауын және жеке пікірлерін қалыптастыруға ықпал етті.

Нәтиже:

Оқушылар экологиялық мәселелер мен табиғатты қорғау бойынша терең түсінік қалыптастырды. Оқушылардың сыни ойлау қабілеттері дамыды, олар шешімдер қабылдауда креативті әрі жауапкершілікті болды. Топтық жұмыс пен пікірсайыс барысында оқушылар өз пікірлерін еркін білдіре отырып, басқа адамдардың көзқарастарын тыңдауды үйренді.

8 «А» сыныбы биологияның ғылыми және зерттеу аспектілерін тереңірек түсінуге бағытталған стратегиялар арқылы оқушыларды адам ағзасындағы мүшелер жүйесін зерттеуге ынталандырды. Оқушылар проблемаларды шешу үшін сыни тұрғыдан ойлауды үйренді, олардың шығармашылық қабілеттері дамыды. Олар тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық жұмыстар арқылы ағза жүйелерінің нақты жұмысын түсініп, ғылыми зерттеу дағдыларын меңгерді. Бұл сыныптағы оқушылар өздеріне берілген тапсырмаларды шешуде топтық жұмысқа бейімделіп, сыни ойлау арқылы нәтижелерге жетті. 8 «Ә» сыныбы экология мен табиғатты қорғау мәселелерін талқылау арқылы экологиялық жауапкершілікті қалыптастырды. Дебаттар мен зерттеу жобалары экологиялық мәселелерге шығармашылық және сыни тұрғыдан қарауға мүмкіндік берді. Оқушылар экологиялық дағдарыстарды шешудің түрлі жолдарын қарастырып, экологиялық жауапкершілікті түсінді. Бұл сабақтар оқушылардың экология мәселелеріне деген қызығушылығын арттырып, оларды күнделікті өмірде табиғатты қорғау мәселелеріне тереңірек көзқараспен қарауға ынталандырды.

Сонымен қатар, топтық жұмыс пен пікірсайыс барысында оқушылар өз пікірлерін дәлелді түрде білдіруге және басқалардың пікірлерін тыңдай білуге дағдыланды. Жүргізілген сабақ бойынша салыстыру 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – 8 «А» және 8 «Ә» сыныптарына жүргізілген сабақ бойынша салыстыру кестесі

Көрсеткіштер	8 «А» сыныбы (Адам ағзасындағы мүшелер жүйесі)	8 «Ә» сыныбы («Экология және табиғатты қорғау»)
Қолданылған стратегиялар	Проблемалық оқыту, зерттеу жобалары, топтық талқылау, пікірсайыс	Дебат, зерттеу жобалары, топтық жұмыс, рефлексия
Негізгі мақсат	Адам ағзасындағы жүйелердің құрылымын және қызметін түсіну	Экология және табиғатты қорғау мәселелеріне шешім табу
Оқушылардың белсенділігі	Оқушылар өз беттерімен зерттеулер жүргізіп, нәтижелерді талдайды	Оқушылар экологиялық мәселелер бойынша ұсыныстар жасап, шешімдер ұсынады
Талқылау және пікірсайыс	Жүйелердің өзара байланысын және олардың маңыздылығын талқылайды	Экологиялық мәселелер бойынша пікірсайысқа қатысады
Практикалық дағдылар	Оқушылар тәжірибе жасап, ағза жүйелерін модельдейді	Оқушылар экологиялық жобалар жасап, олардың шешімін ұсынады
Шығармашылық қабілеттер	Оқушылар ағза жүйелерінің моделін жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін көрсетеді	Оқушылар экологиялық шешімдер мен жобаларды ұсыну арқылы шығармашылық ойлайды

Биология сабақтарында сыни ойлау стратегияларын қолдану оқушылардың білімін тереңдетуге және олардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға үлкен ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері бойынша, биология пәнінде қолданылған сыни ойлау стратегиялары, атап айтқанда, проблемалық оқыту, зерттеу жобалары, топтық талқылаулар, дебаттар мен пікірсайыстар оқушыларды өз пікірлерін негіздеу мен қорғауға, сондай-ақ басқа адамдардың көзқарастарын тыңдауға үйретті. Бұл әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізді [6, 33-39бб].

8 «А» және 8 «Ә» сыныптарында жүргізілген сабақтар оқушылардың тек теориялық білімдерін ғана емес, практикалық дағдыларын да шыңдады. Мысалы, адам ағзасындағы мүшелер жүйесі туралы тақырыпты зерттеу барысында оқушылар ғылыми әдістерді қолдану арқылы практикалық зерттеулер жүргізіп, экология мәселелерін талқылау арқылы экологиялық жауапкершілікті арттырды. Сабақтарда қолданылған стратегиялар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, олардың білім сапасын айтарлықтай жақсартты.

Қорыта келгенде, биология сабақтарында сыни ойлау стратегияларын қолдану білім берудің тиімділігін арттырып, оқушылардың жеке тұлғалық дамуына ықпал етті. Бұл әдіс оқушыларды ғылымға қызықтырып қана қоймай, олардың өмірлік маңызды дағдыларын қалыптастыруға негіз болды. Алдағы уақытта осы стратегияларды басқа пәндерде де қолдану білім сапасын арттыруға оң әсер етуі мүмкін.

Биология пәніндегі сыни ойлау стратегиялары оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың жеке тұлғалық дамуына ықпал етті. Әсіресе, топтық жұмыс және пікірсайыс түріндегі әдістер оқушылардың ынтымақтастық, коммуникация, сондай-ақ жауапкершілік сезімін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Оқушылар экология мен адам ағзасындағы жүйелер сияқты күрделі тақырыптар бойынша ақпаратты талдай алатын қабілетке ие болды.

Сыни ойлау стратегияларының нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артты, ғылыми зерттеу мен деректерді талдау дағдылары дамыды. Оқушылар тек ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оны тиімді қолдана отырып, проблемаларды шешу жолдарын іздеуге дағдыланды. Бұл әдістердің нәтижесінде оқушылардың сыни ойлау, мәселелерді шешу және шешім қабылдау қабілеттері айтарлықтай жақсарды.

Осылайша, биология сабағында сыни ойлау стратегияларын қолдану тек білім беру процесін жақсартып қана қоймай, оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуына және олардың ғылыми ойлау деңгейін арттыруға маңызды ықпал етеді [7, 76-82бб].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұхтарова М. Ш. Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытудағы әдістемелік тәсілдер. Жоғары білімді дамыту журнал, 2017, 3(5), 45-50 бб.
2. Жапсарбаев Ә. Ә., Тұяқбаев Р. Ш. Биология оқытудың инновациялық әдістері. Алматы: «Ғылым» баспасы, 2019.
3. Нұрғалиева Д. С. Оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыруда жаңа тәсілдер. Педагогикалық зерттеулер, 2020, 7(8), 58-62 бб.
4. Иманбаева С. Сын тұрғысынан ойлаудың оқыту үрдісіндегі рөлі. Оқытушы, 2022, 12(7), 78-82 бб.
5. Жолдасбекова Н. Қ. Биология сабағында зерттеу әдістерін қолдану. Қазақ педагогикалық журналы, 2022, 12(3), 112-118 бб.
6. Омарова А. С. Биология пәні бойынша сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру әдістері. Оқытушы және зерттеу, 2018, 2, 33-39 бб.
7. Абдыкерімова Н. Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда жобалау әдістерін қолдану. Қазіргі білім беру жүйесі, 2019, 6(9), 76-82 бб.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-28-41-43
ОЖӘ 631.111.2

ЖЕР МОНИТОРИНГІНІҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ

ГЫБАДУЛЛА МАДИНА САЛИМУЛЛАҚЫЗЫ
ЖҰМАҒҰЛ НАЗИРА РУСЛАНҚЫЗЫ АШМАТУЛЛА ӘНЕЛ ТАЛҒАТҚЫЗЫ
АЛТАЙҚЫЗЫ ДАРИҒА

С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық Зерттеу Университеті Кеак
Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн факультеті "Кадастр" кафедрасы
мамандығының 2-курс студенттері

Ғылыми жетекші: **БЕРИСТЕНОВ АЙДАРБЕК ТАЙНИГАЗЫНОВИЧ**
Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы жер мониторингінің нормативтік-құқықтық базасы қарастырылады. Жер мониторингінің негізгі мақсаттары мен міндеттері, оны жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құзыреті, сондай-ақ жер мониторингін реттейтін негізгі заңдар мен нормативтік актілер талданады. Сонымен қатар, мониторинг жүйесін жетілдіру бағыттары, оның ішінде цифрлық технологияларды енгізу және бақылау механизмдерін дамыту мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: Жер мониторингі, жер ресурстары, нормативтік-құқықтық база, Жер кодексі, Экологиялық кодекс, мемлекеттік бақылау, цифрлық технологиялар, геоақпараттық жүйелер (ГАЗ), жерді ұтымды пайдалану, экологиялық стандарттар.

Annotation: This article examines the regulatory and legal framework for land monitoring in the Republic of Kazakhstan. It analyzes the main goals and objectives of land monitoring, the competencies of government agencies responsible for its implementation, and key laws and regulatory acts governing this process. Additionally, the article explores strategies for improving the land monitoring system, including the adoption of digital technologies and the development of monitoring mechanisms.

Keywords: Land monitoring, land resources, regulatory and legal framework, Land Code, Environmental Code, government control, digital technologies, geographic information systems (GIS), rational land use, environmental standards.

Жер – ең маңызды табиғи ресурс және кез келген мемлекеттің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамуының негізі. Осыған байланысты жер ресурстарын тиімді басқару, оның ішінде жер мониторингін жүргізу, маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Жер мониторингі – жер қорының жағдайын бақылау, оны бағалау және болжау жүйесі. Бұл процесті реттеу үшін нақты нормативтік-құқықтық база қажет.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы жер мониторингінің нормативтік-құқықтық негіздері қарастырылады, оның ішінде негізгі заңдар, Жер мониторингінің құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасында жер қатынастары мен жер мониторингін реттейтін негізгі заңдар мен нормативтік актілер мыналар:

Қазақстан Республикасының Конституциясы

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 ж.) жер ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдаланудың құқықтық негіздерін белгілейді. Конституцияның 6-бабында «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады» деп көрсетілген[1].

“Жер кодексі” (2003 ж.)

Қазақстан Республикасының Жер кодексі – жер қатынастарын реттейтін негізгі заң.

Кодексте жер мониторингін жүргізудің құқықтық негіздері қарастырылған. Оның ішінде:

- Жер мониторингінің мақсаттары мен міндеттері (146-бап);
- Мониторингті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құзыреті (147-бап);
- Жер мониторингінің мәліметтерін пайдалану және есепке алу (148-бап)[2].

“Экологиялық кодекс” (2021 ж.)

Экологиялық кодекс табиғатты қорғау қызметін, соның ішінде жердің сапалық және сандық сипаттамаларын бақылау механизмдерін анықтайды. Жердің ластануын бақылау, оны қалпына келтіру шаралары осы құжатта қарастырылған[3].

“Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы” заң (2017 ж.)

Бұл заң жер қойнауын пайдалану және мониторинг жүргізу ережелерін белгілейді. Ол жер ресурстарының тұрақты пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған[4].

Үкімет қаулылары мен басқа да нормативтік актілер

Қазақстан Республикасының Үкіметі жер мониторингін жүргізу тәртібі мен әдістерін айқындайтын бірнеше қаулылар мен нормативтік актілер қабылдаған. Олардың ішінде:

- «Мемлекеттік жер кадастры және жер мониторингі туралы ережені бекіту» қаулысы;
- Жер мониторингін цифрландыруға қатысты нормативтік құжаттар;
- Ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануды бақылау ережелері[5]. Жер мониторингін жүргізетін мемлекеттік органдар

Қазақстанда жер мониторингін жүргізу бірнеше мемлекеттік органның құзыретіне кіреді:

- Ауыл шаруашылығы министрлігі – жер қорының жағдайын бақылау және есеп жүргізу;
- Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі – жердің экологиялық жай-күйін қадағалау;
- Ұлттық геодезия және картография қызметі – жер мониторингінің мәліметтерін картографиялық деректермен үйлестіру;
- Жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік органдар – аймақтық деңгейде жер мониторингін ұйымдастыру[6].

Жер мониторингін жетілдіру бағыттары

Қазіргі таңда Қазақстанда жер мониторингінің тиімділігін арттыру мақсатында бірнеше шаралар қабылдануда:

- Цифрлық технологияларды енгізу – спутниктік бақылау, геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ) қолдану;
- Мониторинг жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету – жер қоры туралы мәліметтердің қолжетімділігі[7];
- Экологиялық стандарттарды қатаңдату – жерді қорғау шараларын күшейту;
- Ауыл шаруашылығы жерлерін бақылау механизмдерін дамыту – пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтау және оларды тиімді пайдалану[8].

Қорытындылай келе, жер мониторингі – жер ресурстарын тиімді басқарудың маңызды бөлігі. Қазақстанда жер мониторингін жүргізудің нормативтік-құқықтық негіздері Конституция, Жер кодексі, Экологиялық кодекс және басқа да заңнамалық актілер арқылы белгіленген. Осы саланы одан әрі дамыту үшін цифрлық технологияларды енгізу, бақылау

механизмдерін жетілдіру және жер ресурстарын ұтымды пайдалану шараларын күшейту қажет. Бұл бағыттағы тиімді саясат Қазақстанның тұрақты дамуына және табиғи ресурстарды ұтымды басқаруға ықпал етеді.

Жер кодексі, Экологиялық кодекс, “Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы” заң сияқты негізгі заңнамалық актілер жер мониторингінің құқықтық негізін

айқындайды. Сонымен қатар, Үкімет қаулылары мен жергілікті атқарушы органдардың нормативтік актілері мониторинг жүргізудің нақты тәртібін бекітеді. Жер мониторингі жүйесін дамыту – экологиялық тұрақтылықты сақтау, ауыл шаруашылығы жерлерінің құнарлылығын арттыру және жер ресурстарын ұтымды пайдалану үшін қажет. Бүгінгі таңда цифрлық технологияларды енгізу, қашықтықтан зондтау әдістерін қолдану және деректерді автоматтандыру арқылы жер мониторингінің тиімділігі артып келеді. Алайда, жер мониторингін жетілдіру үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет. Оның ішінде қаржыландыруды арттыру, заманауи технологияларды кеңінен қолдану және құқықтық базаны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру маңызды. Жалпы алғанда, жер мониторингінің нормативтік-құқықтық базасы Қазақстанның табиғи ресурстарын қорғау және тұрақты пайдалану саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл жүйені тиімді жүзеге асыру жердің сапасын сақтауға, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және болашақ ұрпаққа қолайлы экологиялық жағдай қалдыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (1995). – [https:// www.constitution.kz](https://www.constitution.kz)
2. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. (2003). – [https:// adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442)
3. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. (2021). [https:// adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400)
4. “Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы” Қазақстан Республикасының заңы. (2017). – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000125>
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен нормативтік актілері. – ҚР Әділет министрлігі, “Әділет” құқықтық ақпарат жүйесі.
6. А.Ж. Байжанов, Қ.С. Нұрбеков. “Жер мониторингінің маңызы және оның құқықтық реттелуі” // “ҚР заңнамасы және құқықтық тәжірибе” журналы, №3 (2022), 45-52 бб.
7. Е. Төлегенов. “Жер ресурстарын тиімді басқарудағы цифрлық технологиялар” // “Қазақстандағы экологиялық зерттеулер” ғылыми басылымы, №5 (2023), 67-74 бб.
8. БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (FAO). “Жер мониторингі және оны басқарудың халықаралық тәжірибесі”. – Рим, 2020.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-28-44-47

УДК 669-1

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ЧЕРНОЙ МЕТАЛЛУРГИИ И МЕТОДЫ ЕЕ СНИЖЕНИЯ

ТУРАШЕВ БЕКБОЛ МУХАМБЕТҰЛЫ

Студент индустриально-технологического института ЗКАТУ имени Жангир хана

Научный руководитель - ЕРМУХАНОВА СВЕТЛАНА ТАСБОЛАТОВНА

Уральск, Казахстан

Аннотация: В работе рассмотрены ключевые экологические проблемы, связанные с деятельностью предприятий чёрной металлургии. Особое внимание уделено загрязнению атмосферы, водных ресурсов и почв, а также высокому энергопотреблению и накоплению промышленных отходов. Проведён анализ источников вредных выбросов и их влияния на окружающую среду. Описаны современные технологии, направленные на снижение экологической нагрузки металлургического производства: системы очистки выбросов, переработка отходов, повышение энергоэффективности и использование альтернативных источников энергии. Сделан вывод о необходимости дальнейшей экологической модернизации металлургической отрасли для минимизации её негативного воздействия.

Ключевые слова: металлургическое производство, загрязнение окружающей среды, выбросы в атмосферу, отходы металлургии, технологии очистки, энергосбережение.

Annotation: This paper examines the key environmental issues associated with the operations of the ferrous metallurgy industry. Special attention is given to air pollution, contamination of water resources and soils, high energy consumption, and the accumulation of industrial waste. The sources of harmful emissions and their impact on the environment are analyzed. Modern technologies aimed at reducing the environmental burden of metallurgical production are described, including gas purification systems, waste recycling, energy efficiency improvements, and the use of alternative energy sources. The study concludes that further environmental modernization of the metallurgical sector is essential to minimize its negative impact.

Keywords: metallurgical production, environmental pollution, air emissions, metallurgical waste, purification technologies, energy saving.

Чёрная металлургия является основой многих отраслей промышленности, обеспечивая производство стали и чугуна для строительства, машиностроения, транспорта и энергетики. Однако этот сектор остаётся одним из крупнейших источников загрязнения окружающей среды. Производственные процессы металлургических предприятий сопровождаются значительными выбросами парниковых газов, токсичных соединений, сточных вод с вредными примесями, а также образованием твёрдых отходов, требующих утилизации.

Чёрная металлургия, являясь ключевым сектором промышленности, оказывает значительное влияние на окружающую среду. Производственные процессы, связанные с выплавкой чугуна и стали, сопровождаются выбросами большого объёма загрязняющих веществ, сбросом сточных вод, накоплением твёрдых отходов и высоким потреблением энергии. В этом разделе рассмотрены четыре основных направления воздействия отрасли на экологию.

1. Загрязнение атмосферы.

При работе металлургических предприятий в атмосферу выбрасываются разнообразные вредные компоненты, что приводит к ряду негативных экологических последствий: оксиды углерода (CO и CO₂):

При сжигании углеводородного топлива в доменных печах выделяется большое количество углекислого газа, что способствует усилению парникового эффекта и изменению климата. В свою очередь, угарный газ (CO) оказывает острое токсическое воздействие на дыхательную систему [1,3]; диоксид серы (SO₂) и оксиды азота (NO_x):

Эти газы способствуют формированию кислотных дождей, которые разрушают растительность, разлагают строительные материалы и ухудшают качество почв. Кроме того, NO_x участвуют в образовании фотохимического смога, что негативно сказывается на здоровье населения [2]; пылевые выбросы с содержанием тяжелых металлов:

В пылевых осадках присутствуют такие элементы, как свинец, кадмий и хром. Эти металлы имеют способность к биоаккумуляции, что приводит к хроническим отравлениям у людей и нарушению работы экосистем [4,5].

2. Загрязнение водных ресурсов.

Металлургические процессы требуют значительного объёма воды, что приводит к образованию сточных вод с высоким уровнем загрязнения: тяжёлые металлы и химические примеси:

Сточные воды часто содержат остатки тяжелых металлов (железо, медь, цинк) и органические соединения, такие как фенолы и нефтепродукты. Эти компоненты ухудшают качество воды и негативно влияют на водные экосистемы, вызывая нарушения в биологических процессах; высокая минерализация и кислотность:

Химический состав сточных вод может изменяться за счёт высокой концентрации растворённых солей и кислот, что влияет на гидробиологический баланс водоёмов и делает их непригодными для использования в хозяйственных нуждах [6].

3. Загрязнение почв и накопление промышленных отходов.

Накопление твёрдых отходов и шлаков является ещё одной серьёзной проблемой, связанной с чёрной металлургией: металлургические шлаки и пылевые осадки:

Эти отходы могут содержать токсичные вещества и тяжелые металлы, что приводит к их проникновению в почву и грунтовые воды. Длительное воздействие таких загрязнителей снижает плодородие земель, нарушает биологические функции почв и способствует накоплению токсинов в пищевых цепях [7]; отсутствие эффективных технологий переработки:

Недостаточное применение современных методов утилизации и переработки отходов способствует их накоплению. Это создаёт долгосрочные экологические риски, поскольку загрязняющие вещества могут сохраняться в окружающей среде в течение десятилетий [8].

4. Высокое энергопотребление и углеродный след.

Металлургическая промышленность отличается высокой энергоёмкостью, что оказывает значительное влияние на экологический баланс: использование ископаемых видов топлива:

Традиционные процессы выплавки чугуна и стали требуют сжигания больших объёмов угля, что приводит к выбросам углекислого газа и других парниковых газов. Это является одной из основных причин глобального потепления и изменения климата [3,9]; низкая энергоэффективность производственных процессов:

высокий расход энергии способствует избыточным выбросам загрязняющих веществ в атмосферу и увеличивает зависимость отрасли от невозобновляемых ресурсов. Современные исследования показывают, что внедрение энергоэффективных технологий способно существенно снизить этот негативный эффект [10].

Чёрная металлургия оказывает значительное негативное воздействие на окружающую среду. Основными проблемами являются загрязнение атмосферы вредными газами и пылевыми выбросами, содержащими тяжелые металлы, что способствует ухудшению качества воздуха и негативно сказывается на здоровье населения. Наряду с этим, стоковые воды, поступающие от металлургических производств, характеризуются высоким содержанием тяжелых металлов и органических загрязнителей, что приводит к ухудшению состояния водных экосистем. Накопление твердых промышленных отходов, таких как шлаки и пылевые осадки, негативно влияет на плодородие почв и способствует распространению

токсичных веществ в пищевых цепях. Высокая энергоемкость производства, основанного на сжигании ископаемых видов топлива, увеличивает углеродный след отрасли, способствуя глобальному изменению климата. Таким образом, внедрение современных технологий очистки, переработки отходов и повышения энергоэффективности является необходимым условием для снижения экологического ущерба, связанного с деятельностью чёрной металлургии.

Металлургическая отрасль традиционно ассоциируется с интенсивным энергопотреблением и выбросами загрязняющих веществ, что оказывает значительное негативное влияние на окружающую среду. Для снижения этого воздействия применяются комплексные меры, включающие технологические, организационные и экологические подходы. Современные исследования и практические разработки свидетельствуют о том, что интеграция нескольких методов позволяет существенно уменьшить вредное влияние металлургического производства. Для этого используются следующие решения: **установка современных систем очистки газов; оптимизация технологических процессов; переход на альтернативные виды топлива; совершенствование водоочистных систем и рациональное использование воды; вторичная переработка отходов. Создание безотходных производственных циклов; внедрение энергоэффективных технологий; переход на экологически чистые источники энергии; интеграция систем энергообмена.**

